

с (1023)
Л 40

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ



1846—1945



Жамбыл Жабает

ӨЛЕҢДЕР

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, АЛМАТЫ - - 1970

С Каз 2

~~Ж-26~~

Д 40

~~НН 112~~ ✓

МИЕЛНОТЕНА
ДИТРОМНОГО ПОЛ
ДИТРОТТУР
ДИТРОТТУР

7-6-3

304-70

ДАҢҚТЫ ЖЫРШЫ

Қазақ халқының даңқты ақыны Жамбыл Жабасов 1846 жылы февраль айында Жамбыл тауының бөктерінде дүниеге келген. Оның балалық шағы көшпелі ауылда, киізүйде өтеді. Таяқ мініп, козы бағады. Әкесі оқытпақ боп, молдаға берсе, /оның шыбығына шыдамай қайсар бала қашып кетеді. Тентек бала аталуы да сондықтан.

Жамбылдың нағашы ағасы Канадан кобыз да, домбыра да тартады екен. Жамбыл одан домбыра үйренеді. Бала кезінде-ақ домбырамен өлең шығара бастайды. Бірақ мұнысын әкесі ұнатпай, Жамбылдың өлеңші болуына тыйым салмақшы болады. Алай да әке тыйымын өлеңге деген құштарлық жеңбей қойған жоқ. Естіген өлең, жыр, дастан ертегілерін қағып алатын зирек жас Жамбыл соның бәрін жадында сақтап, ауыл арасында домбырамен айтатын болады. Ара-кідік өз сөздерін де кірістіріп қояды...

Есейе келе ел ішін аралап түрлі жиып-топтарда айтысқа түсіп, шаршы топта көп ақындарды жеңгеннен кейін әйгілі болады. Сөйтіп көптеген өлең, жыр, дастандар шығарады. Бірақ үлкен бір өкініш: Жамбылдың революциядан бұрынғы творчествосынан сақталғаны аз-кем-ақ. Неге десеңіз —

ешкім оның өлең, жырларын жазбаған, тек халық жадында ғана бірсыпырасы сақталып, ауыздан ауызға көшіп келген. Әсіресе үлкен айтыс жырлары мен поэмаларын бізге жеткізген оның Көпеш, Үмбетәлі, Саяділ, Өтеп сықылды ақын шәкірттері екендігі белгілі.

Совет өкіметінің қазақ даласына енгізген жаңалықтары Жамбылдың ақындық шабытын қоздырып, дана жыршы сүйікті партиямыз бен ұлы көсем Ленин туралы, Советтік Конституция мен халықтардың достығы, бауырмалдығы туралы, жұмысшылар мен шаруалардың Қызыл Армиясы туралы, әйелдердің азаттығы мен комсомол, пионер ұрпақтарының жайнаған жастығы туралы тамаша жырлар туғызды.

Совет заманында жасаған отыз жылдың орайында, әсіресе соңғы тоғыз жыл ішінде жасы жүзге қарай ойысқан жыр атасы Жамбыл совет поэзиясының алдыңғы шебіне шықты да, оның керемет толғаулары СССР халықтары мен шетел тілдерінің көбіне аударылып, ақындар ақсақалының атағы жер жүзіне шарлап кетті.

Жалпы совет халқының сүйіктісі болған Жәкеш бейбітшілік жылды әрі социалистік Отанымызды, халықтар достығын жырлап өтті. Ал Ұлы Отан соғысының өрті лап еткен тұста дарқан ақынның музасы қаһарлы рух алып, совет азаматтарын ерлікке, күреске шақырды, фашист басқыншыларының арам ниетін әшкерелеуге бағышталды... Жамбыл ұлы шайқастың қасиетті мән-мағна-

сын терсе ұғынып, жауды жеңбей тынбауды насихаттайды, ал жеңу жөнінде дана жыршының есімі таудай, оған зәредей күмәні жоқ. Оның соғыс тұсындағы жырлары дұшпанға қарсы жұмсалған сұмдық қаһарлы құрал болды... Совет халқының дана жыршысы Жамбыл жеңісті өз кезімен көріп, 1945 жылы 22 июнь күні кез жұмды.

Ұлы ақын өлгенмен оның бай мұрасы халық жүрегімен бірге мәңгі жасайды. Жамбыл жырлары тек қазақ халқының ғана емес, дүние жүзіндегі барлық елдердің рухани асыл қазынасына айналды.

с/б



ҚАЙТА ЖАСАРДЫМ

Жалғанды жалпағынан басып өтіп,
Жасарып, қайта туып, алдым бекіп,
Қаусаған отыз тісім қайта шықты,
Болғанда қызыл нек әлім кетіп.
Алдырып ескі серік домбырамен,

Шалдарды отырған кім қадірлі сіңіп?
Келгенде тоқсан жасқа шөккен нардай,
Жүрекке дем берген кім дүбірлетіп?
Жеткенде сөнер оттың әлпетіне,
Қиялға жол берген кім өрге өрлетіп?
Ол — қуат күш туғызған компартиям
Сол күнге армай-ашпай келдім жетіп.
Думан қып, келдім бір топ ақынменен
Қуанған қалың қазақ халқымменен.
Жырым да, сырым-дағы бәрі алдында
Елімнің жақсы өнер салтыменен.
Елім бар мекен еткен шексіз дала,
Сол дала байтақ жатқан жоқ шекара.
Халқымның саған деген махаббаты,
Арканың даласындай шексіз дара.

ЛЕНИН МАВЗОЛЕЙІНДЕ

Күнсіздерге күн болған,
Жер жүзіне нұр болған,
Ақылдың кені данышпан:
Езілгенге қол берген,
Кем-тарларға жол берген,
Заманның ері арыстан,
Адасқан халық зарыққан,
Азаттық алып бақытқа
Сәулеңде келіп табысқан.
Дариядан артық ақылың,
Төбең биік ғарыштан,¹
Қартайғанда бір көріп
Зиарат² етіп қайтуға
Жамбыл келді алыстан.
Жер жүзінің кіндігі —

¹ Ғ а р ы ш — аспан.

² З и а р а т — міндетті түрде жүзін көру.

Мавзолейдің тасында,
Жер жүзінің шырағы —
Кремльде — қасында,
Жолыңды таймай ұстаған,
Бақытқа жұртты нұсқаған,
Артық туған шәкіртін —
Шәкіртін отыр басында.
Тауап¹ етіп өзіне,
Шәкіртіннен жөн сұрап,
Кетуге келген көп халық
Көріседі осында.
Уа, данышпан сабазым!
Езілгенді теңедін,
Зарыққанды жебедін,
Жер жүзіне шам-шырақ
Орнатамыз! — деп едің;
Миллиондаған халықтың
Сүйеніші едің, белі едің,
Бұрынғы кезде шеткері
Қалып, санға қосылмай
Жүрген қазақ елі едім.
Мені де сен теңедін,

¹ Тауап — құрметті адамның қабырын бір-неше рет айналып шығу мағнасында.

Ұлы көшке ілесіп,
Соңыңнан еріп жөнедім.
Дәулетке батып белшеден,
Ырысқа қандым, кенелдім.
Заманнан бергі құрсаудың
Сен ағыттың тиегін.
Жер жүзінің кем-тары
Сүйеген саған иегін.
Сенен алып нұр сәуле,
Қуатым толып, күш өсіп,
Бекіді менің сүйегім.
Бәрін бірдей құнарттың
Алпыс екі жүйенің,
Адамзаттың асылы
Аруағыңды ардақтап,
Көпті көріп көндіккен —
Ақшыл тартқан басымды
Алдыңа келіп немін!

ҰЛЫ ЗАҢ

Өлеңім, шарла ауылды,
Тыңда, дала, Жамбылды!
Өмірде заңды көп көрдім,
Сол заңдар бүгін белімді,
Көзімнің жасын қан қылды.
Маңдайға әжім түсіріп,
Қайнатып миды даң қылды.
Жүргізді заңын «бір құдай»,
Жүргізді заңын Абылай,
Қымышпен жұмсап законды,
Жүргізді заңын Николай.
Солдатқа ұлды алдырып,
Ардақтысын аттырып,
Аруды малға саттырып,
Елді ерікке зар қылды,
Кең дүниені тар қылды.

Заңның тартып зардабын
Зарлады налып қалың ел.
Ұстап заңды қолына,
Халықтың мініп мойнына,
Бай, мырза, шора алды бел.
Ажал, аштық,

жауыздық

Даланы кезіп құйындай
Көздің жасын етті сел.
Шарла, өлеңім, ауылды,
Тыңда, дала. Жамбылды,
Ақыныңа тізгін бер!
Сүрлеуден даңғыл жол болып,
Бұлақтан теңіз шығады.
Бақытты өмір кезінде:
Бар әлемде теңі жоқ
Бақытты бала туады.
Баламен егіз ұл болып
Қолхозданған ауылда
Жақсы жыр дүкен құрады.
Шат тұрмыстың — жыры шат,
Барлық көркем сөздердің
Біздің сөз сәуле шырағы.
Шаттықтың тартып әуезін.

Аралап колхоз ауылын,
Тыңда, дала, Жамбылды!
Тыңда, Кастек, Қаскелең!
Сөйлесін кәрі бауырың.
Ардақтаймын Советтің
Әділ заңын тамаша,
Орнатқан шаттық дәуірін.
Жүрекке пәзік жыр беріп,
Табиғатты меңгеріп,
Ар, атаққа не етіп
Марқайтқан еңбек қауымын.

Жастарға байтақ жол ашты,
Бақ пернесін көтеріп,
Олжаға олжа ұласты.
Әділ заң ұлы тойымда
Жұртты аузына қаратып
Шығарды қызым Күләшті.
Ардақтаймын бұл заңды,
Астананың мектебін
Ашты колхоз ұлына.
Бауырлас көрші елдердің
Қатарына қосылып,
Өмірдің астық шыңына.

Шырқа, ақындар,
көтере,

Шығара тәудың қырына!
Өлеңмен топқа қосылып,
Қандыр көңіл құштарын,
Сүйінсін жырға достарың —
Ұлты басқа.

тілек бір
Елдер тізе қосқанын.
Отанымың гүлденіп,
Өлеңге қос көркейіп
Шаттықты сүйіп құшқанын.
Өлеңменен ұрандап,
Еңбек пенен олжаға
Шакыр тегіс қалдырмай
Далаңды ауыл, қыстағын.


БАЛАЛАРГА

Балалар, аманбысың, шырақтарым,
Майысып көлге біткен құрақтарым!
Жүрмесем есіндесіп тұра алмаймын,
Ішінен асып кетсе бір аптаның.

Қонаққа келді, міне, Жамбыл атаң,
Сап жылдар жүк көтерген бүкір жотам,
Қарт бабаң дәуіріне мейірі қанған
Қуанып жастығына сендей ботам.

Білемін өмірлерің тұрған жайнап,
Күндіз, түн жастық үшін жарық сайлап.
Ай, жұлдыз, күннің көзі, жел менен су —
Бәрі де сендердікі әлемге айғақ.

66412



АСҚАН БҮЛБҮЛ

Орыстың өлеңінің ақын көркі,
Алмастай мың құбылған меруерті,
Дүниеге асыл сөзден төктің маржан,
Жарқырап тар заманда шығып еркін.

Патшаның қорқау бастық жеңдеттерін
Сен көрдің, таныдың сен лас жерін,
Қарысқан қан майданда қылыш тимей,
Қолыңап қанды жеңдет жаңды бердің.

Не керек, сөзің тірі — өзің тірі,
Алтындай жарқырайды жайнап гүлі,
Жүз жыл болды, қара жер сені алғалы,
Сен дүниелік ақынсың осы күні.

Қуанып көңілі жайшап, мейірі қанып,
Башқұрт, түрікмен, белорус, қазақ танып

Оқиды жазғаныңды, шаттанады.
Сөзіңнің бір де бірі өлмеуі анық.

Сен, Пушкин, қалың жұрттың туысқаны,
Сен — біздің бұл ғасырдың өлең, әні.
Өлеңің жаңа атқан таң, жайнаған гүл,
Жұпары, інжу, маржан, өмір сәні.

Бұл күнде біздің өмір жайнаған гүл,
Құлпырып, барған сайын төгеді түр.
Ән шырқап, бізбен бірге қуан, шаттан,
Мәңгі өлмес, асыл сөзді асқан бұлбұл.

АЛАТАУ

Тізілген таулары бар Жетісудың,
Ішінде орман, тоғай біткен нудың,
Дариядай сол таулардан тулап тасып,
Көресін тамашасын аққан судың.

Есенеіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазнасы көп тіл жетпейтін:
Өрік, алма, алмұрт, жиде-жемістер көп
Бір татсаң ауызыңнан дәм кетпейтін.

Қарлы тау басы биік мұнар кетпес,
Сырласып бұлттарменен болған кептес,
Түрлі аңдар мекен етіп, өніп-өсіп
Жүреді бір-бірімен боп тілектес.

Арыстан, аю, қасқыр, түлкі, борсық,
Сілеусін, жолбарыстар түнде жортып

Тулаған аққан бұлақ тасқынында
Асаудай ойнақ салар балық шоршып.

Етегі сол таулардың мидай тегіс,
Тегіс жер гүлін жарған миуалы егіс,
Еліне мекен етіп еңбек қылған
Жегізер аямастан түрлі жеміс.

Алатау Жетісумен құшақтасқан,
Еліне қазыналы қойын ашқан,
Бауырында Қазақстан астанам бар —
Ағайын орыс, қазақ араласқан.

Жайлау бар бұл тауларда шөбі шалғын,
Көк майса ойы-қыры — бәрі балғын,
Қызығын сол жайлаудың көрем десең,—
Шөбіне бауырың төсеп жатып алғын.

ҚЫМЫЗ

Үйірілген. қышқыл, тәтті, сары қымыз,
Ауруга — ем, сауға — қуат, дәрі қымыз.
Кедейлер ұрттар сусын таппағанда,
Ерте-кеш байлар ішкен, кәрі қымыз.

Ашыған кең сабада алтын қымыз,
Бай, биге шаттық берген салқын қымыз,
Айтушы ек іштен налып саған қарғыс
Кедейге келмегенде шартың, қымыз.
Байда бар, жарлыда жоқ татым қымыз,
Көз сатып бардан ішкен халқым қымыз,
Байлардың сабасында «аллаһуптан»¹.
Кедейдің торсығында там-тұм қымыз...

Сапырған жайлау жайлап байлар

қымыз,

Шақырып бірін-бірі тойлар қымыз.

¹ «Аллаһуп» — құдайдың сәлемі мен рақметі болсын деген мағынада.

Кеңейтін жуан қарын май қосуға
Сар дұздық қозы етімен шайнар қымыз.

Үстіңнен дабыл ұрып желі қымыз,
Еңбекші ел аттанғанда кегі қымыз,
Байды қуып, алуға малын тартып
Беретін ет пенен сүт сені қымыз.

Бай қайда?— Елден қудық бұ күнде біз,
Төңкердік зор сабасы түбін, қымыз,
Көрінбей түнде жортып құмдарда жүр,
Ішпейді бұлақ суын түгіл қымыз.

Сапырған далам, қалам бәрі қымыз,
Жайлаудың бүгін болды сәні қымыз,
Стахановшы ерлерге қуат берер
Бір сүйеу еңбегіңе дәмі қымыз.

Еңбекші ел тартып алған кәрі қымыз,
Ең өскен колхоз аулы бәрі қымыз.
Әр ферма ортасында күмбілдейді,
Өзгеше бүгін тәтті дәмі қымыз.
Үйірілген, сары алтындай сары қымыз,
Ауруға — ем, сауға — қуат, дәрі қымыз,
Елімнің социалистік асы болдын,
Шығаршы, тағы нең бар, көне, қымыз!

АБАЙДЫҢ СУРЕТІНЕ

Мынау тұрған Абайдың суреті ме?
Өлең - - сөздің ұқсаған күдіретіне --
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған
Өр Абайдың төлеген кім бетіне!

Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Өлеңімен өлмейтін салған нұсқа,
Қол бастар ер, ел сүйген ақын болған
Қандай арман бар дейсің бұл туыста!

Терең ойдың түбінде теңізі бар,
Тесіле көп қарасаң --- көңіл ұғар.
Сол тереңге ешкімді үңілте алмай,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар?!

ХОШ КЕЛДІНДЕР

Балдырған балғын балалар,
Мойнына қызыл байлаған,
Түрлерің гүлдей жайпаған,
Карасам қанша тоймаймын.
Айналам сендей жеткіншек,
Мәуелеп өскен бәйшешек,
Ортанда гүлдеп көркейген —
Ұялы мен бір бәйтерек.
Жасарып, көктеп бойлаймын.
«Жәкелен» салған қолқаңа
Жаңадан жырлар толғаймын.
Жайпаған мынау заманда
Жас болу қандай адамға
Қызық пен бақ деп ойлаймын.
Мектепке тұрған гүмбірлеп
Қуанып ойнап жүгіріп,
Алуға білім барасың.

Көзімді салсам осыған
Көңіліме ойлар саласың.
Ленин бабаң оқуынан
Көңілге оны тоқудан
Өмірге право аласың,
Сананың ашып көздерін,
Кітаптың білім сөздерін,

.
Өмірдің талай кездерін
Біліп, ата-ананың
Бұрын талай қиналып
Қынжылумен келгенін
Көріп ойға түйесің.
Мектепте кісі боласың,
Дүрмекке еріп, дүрілдеп,
Мектепке бәрің бүгін кеп
Оқисың, думан саласың.
Томдарын оқып Лениннің,
Бұлағына жүзіп білімнің
Сусындап сонда қанасың!

ӘЛЕМДЕ БІР ЖҮЛДЫЗ БАР

Мен шеккелі қай заман
Өмірдің ұзақ сапарын...
Не көрмеген көне көз
Ағарғанша сақалым.
Килы-килы жол тартып,
Үміт алда мұнартып,
Медесу болған көңілге
Жалғыз, жансар сәулеге,
Жеткенімше құмартып,—
Бір ғасырды жасадым.
Ол бір күңгірт түнекте
Елестеген үмітті
Мен бе жалғыз іздеген?
Қөп сарылып қажалып
Сол сәулеге қадалып,
Кімдер көзін сүзбеген?
«Үміт алыс, өмір шәк»

Жаны қажып, жабырқап...
Кімдер күдер үзбеген.
Күллі бытақ елдей боп,
Жасып жасап мендей боп,—
Сөйлескен жылы жүзбенен
Қітабындай өмірдің —
Шежіресін еліңнің
Естірсіз де білерсіз
Кеңескеніз бізбенен.
Осыша ұзақ сапарда
Күй мен жыр боп ермегім,
Жинап-терін көргенді
Ұзақ жолдан мен келдім.
Қайда барсам қамығып,
Қабағы ашпай жабығып,
Жол торабын жоғалтқан
Көрдім өмір керуенін.
Жұлдызбенен жол жүріп,
Жәрдем күтп аспаннан,
Жалбарынып сасқаннан
Көргем көкке сенгенін.
Қамалғанға жол табар
Қандай қайрат қолда бар?
Үдере көшкен елменен

Мен де бірге сенделдім,
Жас жалынды күнімде
Өлең болып тергенім,
Ызасын айтты осы өлең
Жана шеккен елдердің.
Таудың басын бұлт шалып
Құлазып дала қуарып
Жұрт жағасы жығылды,
Қанды жорық қуылды
Соқпағында сол күннің
Не теперіш көрмедім?
Асқар, асқар белдердің,
Құс ұшнайтын төлдердің,
Қнырында ел күңресіп,
Байлар сорып жыландай,
Қулар шоқып құзғындай
Хан, сұлтаны «құдайдай»—
Салып ұлы шеңгелін,
Жұртты бүріп сығымдан
Тоя жеді жемдерін.
Қарсы шауып соларға
Ел ерлері нелер бір,
Жасы қыршын, жаны өткір,
Қаза тауып қапыда

Көргем талай өлгенін,
«Қарағай найзаң сынды ма?
Көріп жаның тынды ма?»—
Деп ақыннан жыр боран,
Көкірегін шерге оран
Қайғыменен көмген күн...
Зарыққан соң ағайын,
Сарғайтып жүзді сары уайым,
Мұңға толып сарайым,
Шолды көзім жан-жақты,
Аспан нұрсыз, жер үнсіз,
Қара бұлтқа Ай батты...
Көріксіз жаз, Құлансаз
Суы құрып, сай қапты.
Сұдырамай құрағы,
Сарқырамай бұлағы
Қарт бұрадай түнеріп,
Тілсіз бейне бір өлік
Жым-жырт шөгіп тау жатты.
Көлдерде ұшпай қаз, аққу,
Толқындамай Іле, Шу
Қабағы бір ашылмай,
Ел көзінің жасындай
Мәлт-мәлт етіп жай ақты.

Баспанам жыртық лашық,
Шығарға күш жоқ, қыр асып,
Көріп тек мұнды аймақты.
Ыза кернеп бойымды,
Сан толқытып ойымды,
Зығырымды қайнатты!
Жан шыдар ма күйінбей,
Күңіренген ел үіндей
Жамбыл күйін аңыратты...
Сөйтіп үміт сөнгенде,
Күнім қараң дегенде
Тынып тұрған дүниенің
Жарқ еткізіп түндігін
Серпіп, кенет ашқандай,
Керек дүние селт етіп
Түгел құлақ асқандай,
Жер жара бір шықты үн,
Серпініне сол үннің
Серпілді де, сырғып түш,
Жер мен көкті жарылқап
Нұрға бөлеп шықты күн!
Ел еңсесін талай жыл
Қара тастай басқан зіл —
Ыдырады қайғы, мұң.

Бойын жазып жадырап
Күнді құшты маужырап,
Мелінің жатқан тау мен құм,
Елдің құрған көз жағы,
Көкөрай бөліт көл басы,
Толып өзен арнасы,
Кұнарланып құдағы
Кұлпыра берді күз бей шың,
Қуанып бөден жүрегін
Айтты сонда бар елім:
Жарық күні әлемнің --
Ленин! Ленин! Ленин!
Ұлы өсімін Ленинің
Атаған сайын күш қосып
Күннен күнге үдедім,
Ұзақ сапар шеккесті,
Мақсатқа осы жеткенім,
Талай заман іздеген,
Көптен көкесіп көздеген
Үмітіне жетті елім,
Өмірдің ауыр қыспағын
Қираған Қазақстаным,
Отанның ұлы халқымен,
Өзкізді жпырма өткелін

Айтсам күнді бүгінгі,
Қазақ халқы бұрынғы,—
Көріп туған нұр күнді —
Ерен күшті ел болды.
Көсегесі көгеріп
Кең өлкелі бөл болды,
Асты күміс, үсті ырыс,
Таудан алтын, сайдан мыс
Телегей-теңіз көл болды.
Жерден мұнай атылса,
Көктегі құстың қанатын
Қақтыратын жер болды.
Азуын айға білеген,
Айбаттана үдеген
Елде айбарлы ер болды.
Малы қаптап өрісті,
Ағашы миуа, жемісті,
Жоны жемігей егісті
Қазақстан аймағы
Алтын жайлау жер болды.
Қайратым құрыш, ойым өр,
Қажымас, қайтпас елім ер,
Қойыным толған қазына,
Шығып өмір жазына

Бөгелместен беттедім.
Арман еткен мың жылғы
Адастырмас жұлдызды
Халқым тауып тұрғанда
Қалай жырды төкпейін:
Әлемде бір жұлдыз бар,
Ол бар жерде күндіз бар,
Ол жоқ жерде күнде ызғар,
Ол — жиһанның жүрегі,
Ол — жер мен көк тірегі
Құллі әлемнен ол биік,
Жарқыраған нұр құйып,
Бақытқа елді бөледі.
Ол — әлемнің шырағы,
Өмір, бақыт бұлағы
Соған ғана өреді.
Ол — Кремль жұлдызы,
Ол — өмірдің күндізі,
Адастырмас сәулесін
Әлем жүзі біледі...
Қазақстан тойында —
Өмір тұрқын бір болжап,
Қарт Жамбылдың жыр толғап
Осы айтайын дегені.

ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ

Ұлы Ленин дананың
Атындағы қаланың,—
Бесігінде телі өскен,
Балаларым — жараным,
Сәулетім, сәнім-айбарым!
Анасындай даланың
Өзендердің алабын
Байқағанда байыптап
Бейнесін көрем Неваның.
Көпірі осы Неваның
Көзіме түссе көрікті
Бір серпіліп қаламын.
Аңғарсам қала аймағын,
Балтықтың терең жарларын,
Қаланы нұрға шомылтып
Ымыртта жанған шамдарын,
Зәулім-зәулім үйлерге

Алтынды күмбез салғанын —
Қиырдан болжайд жанарым.
Қаласынан Лениннің
Өрби өскен балаларым,—
Сәулетім, сәнім-айбарым!
Осынша жасқа келгенде,
Осынша өмір сүргенде,
Осынау күнге жеткенде,
Жырдан нөсер төккенде,
Осындай гүлді қаланы
Ұрланып келіп шабуға,
Жорғалап келіп шағуға
Үмтылғаның,— көрді көз,—
Ашылған сұм араны.
Талқандаңдар, құтырған
Фашист тобын қайырып,
Жалтартпастан жауыздың
Шабыңдар басын айырып,
Бұрылып қарай алмасып
Артына да қайырылып,
Сүйегі қурап үйілісін,
Біздің жерде майырылып,
Қаһарлы елдің қайраты
Жауды қырқай қырады.

Сусымған кара жыланды
Қыршынынан қияды.
Қазақстан жерінен,
Таулы, қырлы өрінен,
Батысқа қарай, сондықтан
Жүйрік поезд жол тартқан,
Ленин атты қаланың
Жанындағы Неваның
Қорғауға жаудан алабын,
Түйілген тастай балаларым,—
Сәулетті күшім, айбарым.
Балаларым, ата-бабанды
Біледі Жамбыл талайды,
Олар: ескі заманда —
Қуғында, қанды қамауда
Көрген патша бұғауын.
Төрт патшаның тұсында,
Елмен бірге қысымға
Мен де түсіп томсарып,
Құрыған бұрын амалым,
Сондағы тек дегенім
Құласа екен деп едім,
Петрбурда салынған,
Қараңғылық қамалын.

Енді жаңа заманда,
Елімнің еркін алдында,
Ажарына қарттықтың
Қарамастан шалқып тым,
Қаһарындай халықтың,
Ызалана толқыған
Айбарындай Балтықтың,
Домбыраның қос шегін
Шертіп, жырды шалқыттым.

Ұлы Ленин қаласы
Сымбатты сұлу безенген!
Інжу-маржан секілді
Сап түзеп үйін тізілген,
Әр тасыннан нұр ойнап
Тұрғандай Ленин сөзінен,
Тұңғыш айтқан Лениннің
Есіткенде тек үнін,—
Қараңғылық арқауы
Сәулелі сөзбен үзілген.
Сәулетті, сондай көрікті,
Әнерген қала алабын
Қорғаған құрыш балаларым,—
Қуанышым, айбарым.

Бұл гүлденген қаладан
Сай тасындай сайланған
Машинаның талайын
Қиров бізге сыйлаған.
Қаласына Лениннің
Бауырындай өзінің
Құшақ жая сүйініп
Алматым менің жайнаған.
Ерлікпен өрлеп келатқан
Балтықтан — Қызыл Флоттан
Ұлдарым Қазақстанға
Келіп, қайтып жылма-жыл
Тойымды бірге тойлаған.
Қаласынан Лениннің —
Алуан ұлы елімнің,
Дәнін алып білімнің,
Өркендеген, өрбіген
Өнегелі ордадан,
Ағызып жырдың бұлағын
Жатқанда Жамбыл құлағын
Тосып еді: бір хабар
Естілді сұмдық оңбаған,
Ол хабар не? — деп сұрасаң,
Жан-жағыма қарасам:

Жалмауыз жауы елімнің,
Шетіне келіп жерімнің
Қаласына Лениннің
Ұмтыла шауып, араның
Ашып арсыз қоймаған.
Тұрпатын болжай қарасам,
Жалаңдаған зымиян,
Өмірде қарны тоймаған,
Жеті басты жалмауыз,
Сусыны қанға қанбаған.
Үстінен сол дұшпанның,
Біздің батыр әскердің —
Жалынды оғы жарқылдап —
Жай түскендей ойнаған!
Өлтіре жауға оқ төгіп,
Жылапның басын жоқ қылып,
Жау ұясын қиратып,
Денесін ерлер ширатып,
Бақшада бұлбұл сайратып
Демалатын күн жақын,
Ленин атты қаланың
Тазартып жаудан алабын
Қорғайтын құрыш балаларым —
Сәулетті күшім, айбарым!

Елестейді көзіме
Атылған оқтың жалыны,
Отанның байтақ жерінен
Майданда жеңіс дабылы,
Соғыстың осы күнінде,
Жеңімпаз ердің үнінде.
Дұшпанның жақын көрінді
Таянғаны өлуге!
Жау денесін тірідей
Қара жерге көмуге
Қимылда дос, жараным!
Ленин атты қаланың
Құрылтай берік қамалын
Нық ұста батыр ұланым!
Немістің қорқау аңдары
Жерімізден арылсын.
Қазылған көр оларға
Қан-майданда табылсын!
Лаулаған оқтың өртінде
Жалғызы қалмай жағылсын!
Ұлы Азамат соғысы
Кезінде де, — ер күші:
Жендеттерін патшаның,
Көргеміз отқа жаққанын

Халықтың кегі, бағы үшін!
Қазір көрсен құрсанған,
Ақболаттай бұрсанған,—
Ұлы Ленин қаласын:
Қамалы құрып айбатты,
Ұлдары батыр қайратты,
Қаусырғандай қуатты
Аспан мен жер арасын!
Жауларға елдің мұрасын
Таптатпаймыз, бермейміз —
Гүлденген бақша, ағашын,
Қаласына Лениннің
Жан-жағынан елімнің
Жүйткіп күн-түн отарба,—
Жас өрімнің өскенін,
Майданға қызыл әскерін —
Жөпелтті Қазақстаным
Тұрғызып сап-сап қатарға.
Қазақстан елінен:
Өндірісті жерінен
Мұнай мен темірін,
Мыс, қорғасын, көмірін,
Астығын, етін, дәмді асын,
Ат басындай алмасын

Жіберді сізге ерлерім,—
Қаласына Лениннің.
Тиген жауды қиятып,
Қарасын жойып құртарға.
Сайгүлік жүйрік тұлпарын,
Майданға талмай жортатын,—
Сыйлық етіп тартты ерге,
Тезірек таптап құртсын деп,—
Тиіскен жауды Отанға.
Білімпазды, халықты,
Ерлерді жинап Жданов
Қызыл туын қолға алып
Қорғаған Отан алыпты.
Ворошилов батырым
Майданның тігіп шатырып
Әскерін лек-лек бастаған,—
Жауға бомбы тастаған,—
Командасы жер жарып,
Қаласын құрыш Лениннің
Қорғауға көркін елімнің.
Барлық елім, бар ерім
Каптады, қаптайд қалмастан!
Қуаты өткір алмастан,
Талқандайды қоймастан

Фашист иттің қалғанын!
Таба алмастан баспана,
Көерміз сонда доңыздың
Оққа өртеніп жанғанын.
Күндіз күлкі, түнде ұйқым
Келмейді бүгін менің де.
— Жау тиді елге дегенде:

.
Арнап жырды ерлерге
Төзе алмастан толғадым!
Ленин атты қаланың
Қорғап құрыш алабын.
Бұрқана түс, балаларым!—
Сәулетім, сәнім-айбарым!

ЖАЗ

Жаз жайнап, жан-жануар жапаттапған,
Жадырап май айында науаттапған.
Су агып, жер айналып жанарланған,
Жиһанда біздің таңдай таң атпаған.

Жарқылдап жабырқаусыз жайнады жан,
Жұлқынып жазғы егіске жарақтапған.
Шыңына шыбық шапшып, гүл түлетіп,
Сайлы елім саяхатқа саяттапған.

Қой қоздап, түйе боздап, құлын қунап,
Даланың төлі ойнақтап аяқтанған,
Бұзылмай айдың көлдің ақ қаймағы,
Құс шайқан баланы қапаттапған,

Безесе кәрі Жамбыл қызыл тілін —
Хош көріп қазақ, қырғыз мадақтаған.

Бәйгеден күнде келген кәрі тарлан,
Бәрін де той, думаның аяқтаған.

Күй боздан домбырадан, өлең қоздап,
Қыз бұлғап орамалып қарап қалған,
Жүз жасап, жүз жаз көрген бұл Жамбылды
Ешбір жаз бүгінгідей қаратпаған.



М А З М У Н Ы

Даңқты жыры	5
Қайта жасардым	8
Ленин Мавзолейінде	10
Ұлы заң	13
Балаларға	17
Асқан бұлбұл	18
Алатау	20
Қымыз	22
Абайдың суретіне	24
Хөш келдіңдер	25
Әлемде бір жұлдыз бар	27
Ленинградтық өренім	35
Жаз	45

Жамбыл Жабасв
Өлеңдер. Алматы, «Жазушы»,
1970.
48 бет.

Джамбул Джабасв

СТИХИ

(на казахском языке)

Издательство «Жазушы» -- 1970

Редактор *Х. Талғаров*
Художник *А. Рахманов*.
Худ. редактор *Г. Фильчаков*
Техн. редактор *К. Фаритденов*
Корректор *Н. Букенбаева*

Сдано в набор 18/V-70 г. Позиция
304/70. Подписано к печ. 5/VIII-70 г.
Бум. тип. № 1. $84 \times 108 \frac{1}{16} = 0.75$ л. л.
—1.26 усл. л. л. (Уч.-изд. л. 1.2).
Тир. 6100 экз. Изд. № 230. Цена 12 к.

Заказ № 358. Типография № 2 Глав-
полиграфпрома Госкомитета Совета
Министров КазССР по печати,
г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.